

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар мен жасөспірімдерді дамыту және шығармашылық сарайы» КМҚК 2024 жылдың қорытындысы бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызметінің есебі

Хабарландыру

Жыл сайын «Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 5-тармағына сәйкес көрсетілетін қызмет көрсетушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет есептерін жария талқылау жүргізіледі. Жария талқылаулар сондай-ақ қызмет көрсетушілер қызметінің есептілігі мен ашықтығы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі, мемлекеттік қызметтер көрсету процесін ұдайы жетілдіру, оларды көрсетудің үнемділігі мен тиімділігі қағидаттарының іске асырылуын қамтамасыз етуге арналған.

Ағымдағы жылдың 10 қаңтарынан 30 қаңтарына дейін Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар мен жасөспірімдерді дамыту және шығармашылық сарайы» КМҚК «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде «Қызмет туралы есеп» бөлімінде 2024 жылғы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет нәтижелері туралы есеп орналастырылды.

Қала тұрғындарына «Бізбен байланыс» терезесінде ұсыныстар немесе ескертулер қалдыру мүмкіндігі беріледі. Қаланың барлық тұрғындарына қоғамдық талқылауларға белсенді қатысуға өтініш білдіреміз.

Жария талқылау қорытындысы бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «Балалар мен жасөспірімдердің дамыту және шығармашылық сарайы» КМҚК сайтында жария талқылау нәтижесі туралы қорытынды орналастырылады.